

**ҚР Энергетика министрлігінің
Отын-энергетикалық кешен мәселелері жөніндегі
қоғамдық кеңес отырысының
ХАТТАМАСЫ**

Астана қаласы

2023 жылғы 24 шілде
сағ.10:00

Өткізу форматы: күндізгі/«Zoom» арқылы

Төрағалық етті: ҚР Энергетика министрі А.М. Сәтқалиев, Қоғамдық кеңестің төрағасы Б.К. Әуетаев

Қатысқандар: (тізім бойынша)

**1. 2018-2022 жылдар аралығында жер қойнауын пайдаланушылардың
ҒЗТҚЖ және қазақстандық кадрларды оқытуға арналған
1% қаражатын пайдаланудың тиімділігі туралы**

(А.Ф. Хасенов)

1.1. Энергетика вице-министрі А.Ф. Хасеновтің 2018-2022 жылдар аралығында жер қойнауын пайдаланушылардың ҒЗТҚЖ және қазақстандық кадрларды оқытуға арналған 1% қаражатын пайдаланудың қорытындысы және ҒЗТҚЖ қаржыландыру тетігін жетілдіру жұмысы мен жер қойнауын пайдаланушылардың қаражаты есебінен қазақстандық кадрларды оқыту туралы ақпараты назарға алынсын.

1.2. Жер қойнауын пайдалану департаменті:

- ҒЗТҚЖ қаржыландыру қағидаларына өзгерістер енгізу және жер қойнауын пайдаланушылардың қаражаты есебінен қазақстандық кадрларды оқыту;

- ҒЗТҚЖ мәселесі жөніндегі ғылыми-техникалық кеңесті құру және оның ережесін әзірлеу бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстарға Қоғамдық кеңес мүшелерін тартуды қамтамасыз етсін.

2. Саланың кадрлық әлеуетін дамыту туралы

(А.О. Тегісбаев)

2. Қоғамдық кеңес мүшесі, «Мұнай-газ кешені ардагерлері» Республикалық қоғамдық бірлестігінің бас директоры А.О.Тегісбаевтың кадрлық резервті қалыптастыру және мұнай-газ жобаларында отандық мамандардың әлеуетін дамыту мәселесі жөніндегі ақпараты назарға алынсын.

2.1. Мұнай игеру және өндіру департаменті:

- білім және ғылым саласындағы уәкілетті органдармен бірлесіп, колледждерде, жоғары оқу орындарында, оқыту орталықтарында кәсіби оқыту бағдарламалары сапасының мәселесін пысықтасын, мамандықтарға талдауды ескере отырып, аясы тар, сұранысы жоғары мамандықтарды кеңейту мәселесіне бастама жасасын;

- ірі жобалардың операторларымен отандық мамандардың кадрлық әлеуетін (бас геолог, технолог, механик, энергетик, өндіріс менеджерлері) қалыптастыру туралы мәселесін пысықтасын.

3. Энергетика министрлігінің сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау қорытындылары туралы

(Н.С.Қалауов)

3.1. Қауіпсіздік департаментінің директоры Н.С. Қалауовтың сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау қорытындылары туралы ақпараты назарға алынсын.

3.2. Қауіпсіздік департаменті Министрлік қызметінің нақты бағытында немесе функциясында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау жүргізу жөніндегі ұсыныстарды Қоғамдық кеңес мүшелерімен пысықтасын.

4. Энергетика министрлігі бюджетінің 2022 жылы орындалуы және 2024-2026 жылдарға арналған бюджеті туралы

(Д.Д. Қабдушева)

4.1. Бюджет және қаржылық рәсімдер департаментінің директоры Д.Д. Кабдушеваның ақпараты назарға алынсын.

4.2. Бюджет және қаржылық рәсімдер, Электр энергетикасын дамыту, Газ өнеркәсібі департаменттері ҚР Парламентінде электр энергетикасы және газбен жабдықтау саласындағы бюджеттік жобаларды таныстыру аясында Қоғамдық кеңес мүшелерімен өзара іс-қимылды күшейтсін.

Энергетика министрі


Қоғамдық кеңестің
төрағасы

А. Сәтқалиев


Б. Әуетаев



Б. Ахметов



Д.Д. Кабдушева



(А. Кассенов)

